

Келісілген қағидалар мен бірлескен әрекет жөніндегі ДЕКЛАРАЦИЯ

I. Преамбула

1. Біз, Қазақстан азаматтары, елдегі орын алып жатқан мына жайттарға көз жұмып қарай алмаймыз:

- табиғи ресурстарды игеріп жатқан компаниялар ондаған миллиард доллар табыс түсіріп жатыр, ал одан халыққа келіп-кетер ештеңе жоқ.

- халықаралық қаржылық кәсіпорындар, қорлар, инвесторлар, негізінен Қазақстанның шикізат саласына ауқымды қаражат құйып жатыр, алайда ол ел экономикасына, халыққа толыққанды пайдасын тигізіп жатқан жоқ, керісінше, мемлекет үлкен қарыздарға батып жатыр.

- сыбайлас жемқор шенеуніктер табиғи байлықтардан түсетін табыстарды, инвестициялар мен несиелерді тиімді басқарудың орнына, бірінші кезекте, өздерінің жеке мүдделері үшін жұмыс жасауда.

- өндіруші өңірлердің тұрғындары, әсіресе ауыл тұрғындарының өз жерінде құқықтары шектелген, табиғи ресурстарды игеру кезінде зардап шеккен жерлерде тұрып жатыр, уланған су ішеді, лас ауамен тыныстайды..

2. сонымен қатар, біз мына жайттардың да болмағанын қалаймыз:

- Қазақстанның сан-саққа «жүгіруі»

- үнсіздік пен әрекетсіздік.

3. Біз саналы түрде мойындаймыз:

- ата-бабаларымыздың абыройына сай болуды өзіміздің боышымыз деп санаймыз;

- қазақстан халқының алдында өзіміздің жауапкершілігімізді;

- келешек ұрпақтың қамын ойлау міндетімізді.

4. Осыған орай, әртүрлі Қазақстандағы ҰЕҰ, БАҚ және өзге ұйымдар мен азаматтардан тұратын «азаматтық Құрылтай» Қауымдастығын құрып, оның аясында осы Келісілген қағидалар мен бірлескен әрекет жөніндегі Декларацияға қол қойдық.

II. Стратегиялық мақсат пен мәселелер

1. Қауымдастық аясындағы стратегиялық мақсаттар - келесі аталғандарды болдырмау болып саналады:

- өмірдің кез келген саласындағы әділетсіздіктер мен заңсыздықтар;

- Қазақстан халқына тиесілі жер қойнауын «жабайы» түрде игеру;

- Топырақ, су, ауа, жасыл желек, жануарлар әлемін улау;

- кез келген сипаттағы сыбайлас жемқорлық.

2. Осы аталған стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін Қазақстанда айқындылық және тұрақты даму қағидаларының жүзеге асырылуын келесі құжаттарда көрсетілгендей, өзіміздің міндетімізге аламыз:

- БҰҰ Ғаламдық Шарты (UN GC);

- Өндіру Саласы Қызметінің Айқындылық Бастамасы (EITI);

- Ғаламдық Айқындылық Бастамасы (GTI).

3. Осы қағидаларға сүйене отырып, қоғам білу үшін, біз төменде аталған талаптарды сақтауы үшін билік органдары, компаниялар, сондай-ақ халықаралық және отандық

қаржылық институттар, мекемелер мен қорлардың қызметіне тұрақты түрде бақылау орнатуға ниеттеніп отырмыз:

- Азаматтарға, ҮЕҰ-дар мен БАҚ-қа қатысты халықаралық адам құқықтары;
- қауымдастық еркіндігі мен ұжымдық шарттар құқығы;
- мәжбүрлі, міндетті және балалар еңбектерінің тыйым салу жөніндегі, жалдамалы жұмысқа немесе кәсіби қызметке қабылдайтын кезде қандай да бір шектеулер қоюға тыйым салу;
- экологиялық қауіпті технологияларды қолдануға жол бермеу;
- кез келген сипаттағы сыбайлас жемқорлықты түбірімен жою жөніндегі талаптар;
- Бюджет пен Ұлттық қор қызметі, оларға түсетін төлемдер мен кірістердің мөлшері, экономикаға, қоғамға және табиғатқа ықпал ететін әлеуметтік инвестициялардың көлемі туралы ақпаратқа толықтай қол жетімділікті қамтамасыз ету қажеттілігі;
- жоғарыда тізбектелген барлық жайттар бойынша қоғамдық бірлестіктермен өзара тиімді қарым-қатынас жасау жөніндегі келісім.

4. Осыған орай, біз өзіміздің бірінші кезектегі міндеттеріміз:

А) Қазақстанда зерттеу, ағарту және білім беру, сондай-ақ БҰҰ Ғаламдық Келісімшарты, ЕІПІ, ГТІ қағидаларын жүзеге асыруға ықпал ететін ҮЕҰ, БАҚ және басқа да ұйымдардың Желісін құру;

Б) Қазақстанның барлық облыстарында мүдделі тараптардың теңқұқықты өзара ашық әрекет ететін көпжақты механизмін құру (билік-бизнес-қоғам).

В) Мемлекеттік органдар, компаниялар, халықаралық және отандық қаржылық институттар, мекемелер мен қорлар қызметінің жоғарыда аталған қағидаларды сақтау жөніндегі Республикалық және жергілікті деңгейлерде мониторингін ұйымдастыру.

Г) ақпараттық және қоғамдық жобалар мен шараларды жүзеге асыру.

Д) ҮЕҰ, үкіметтік ұйымдар, қаржылық органдар мен ұйымдар және БАҚ-тармен халықаралық серіктестікті ұйымдастыру.

III. Қызмет қағидалары мен оны жүзеге асыру тәртібі

1. Қауымдастықтың қызметі келесі жайттарды ұстанатын Бүкіләлемдік адам Құқықтары Декларациясы негізінде, және соған сай жүзеге асырылады:

- *барлық адамзат отбасына тән абыройды мойындау, бостандық, әділдік және бейбітшілік - олардың ажырамас құқығы болып табылады:*

- *адам құқықтарына салғырт қарау және шеттету адамзаттың арына тиетін жантүршілгерлік актілерге әкеліп соқты;*

- *адамдардың сөз бостандығы бар, қорқыныш пен мұқтаждықтан ада, адамдар алға ұмтыатын әлем құру;*

- *өз құқықтарын қорғау үшін бассыздық пен өктемдікке қарсы көтеріліске ұмтылдырмау мақсатында адам құқықтары заң билігімен қорғалуі тиіс.*

2. Қауымдастықтағы және одан тыс қатынастар тұрақты даму, ашықтылық, барлық мүдделі тараптардың пікірлерін ескеру қағидасы негізінде реттеледі.

3. Қауымдастыққа мүшелік және өкілдік ету тәртібі мен шарттары, шешім қабылдау, жұмыс органы процедуралары және Қауымдастықтың қызметі жөніндегі мәселелер Қауымдастықтық актілерінде анықталған тәртіпте, шешім қабылдау арқылы бекітіледі.

4. Қауымдастық және оның мүшелері туралы ақпарат ашық болып табылады, оның барлық мүшелері ақпараттың таралуына мүмкін болатын барлық шараны қолданады.